



БҰЙРЫҚ

2023 жылғы 18 қаңтарда
Павлодар қаласы

ПРИКАЗ

№ 1-03/556
город Павлодар

**Робототехника бойынша республикалық
турнирінің қалалық кезеңін өткізу туралы**

«Павлодар дарыны» бос уақытты қамту және балалардың дарындылығын дамыту орталығының 2022-2023 оқу жылына арналған жоспарына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. 2023 жылы 24 қаңтар күні сағат 08.00-де «RobotekGrandTournament» республикалық турнирінің қалалық кезеңі (бұдан әрі-Турнир) Павлодар қаласының № 25 жалпы орта білім беру мектебінде өткізілсін.

2. Турнирдің ұйымдастыру комитетінің құрамы (1-қосымша), қалалық кезеңі қазылар алқасы мүшелерінің тізімі (2-қосымша) бекітілсін.

3. Мектеп директорлары Турнирге қатысушылардың уақытымен келіп-қайтуын қамтамасыз етсін, жол жүру барысында балалардың денсаулығы мен өмірінің қауіпсіздігін топ жетекшісіне жүктелуін қарастырсын.

4. Павлодар қаласының №25 жалпы орта білім беру мектеп директорының міндетін атқарушы (Г.Н. Ахметжанова) Турнирдің өткізілуіне қолайлы жағдай жасасын.

5. «Павлодар дарыны» бос уақытты қамту және балалардың дарындылығын дамыту орталығы» КМҚК (А.Л. Мухаметжанова) Турнирдің ұйымдастыру құжаттарын, өткізу барысын ұйымдастырсын.

6. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау тәрбие жұмысы секторының меңгерушісі С.С. Шакеновқа жүктелсін.

Бөлім басшысының
міндетін атқарушы



Ж. Асаинова